

# Shet shugylasy



Shet aýdandyq qoǵamdyq-sarasi gazetі

Gazet 1937 jyldan bastap shyǵady

beisenbi, 20 qarasha 2025 jyl №46 (11 191)

Лудан әкімдігінде

## ТАЗАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

Сейсенбі 18 қараша күні аудан әкімі М.Мұхтаровтың төрағалығымен кезекті кеңейтілген аппарат отырысы болып өтті.

берінде ауыл, кент округтерінде тазалық жұмыстары әлі де жалғасып жатқанын, сонымен қатар, Ортау ауылы Сарыбұлақ



Күн тәртібінде “Аудан-да жүргізіліп жатқан санитарлық тазалық жұмыстарының қорытындысы”, “Аудан елді мекендерінде салынып жатқан құрылыс жұмыстарының барысы”, “Сенімгерлік басқаруға және жалға берілген нысандар бойынша атқарылып жатқан шаралар” мен ағымдағы жағдай: аудан бойынша қысқы жылу беру маусымының өту барысы” халықты коммуналдық-тұрмыстық көмірмен қамтамасыз ету” және “Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағалары” мен бұқаралық ақпарат құралдары және әлеуметтік желілерде жүргізілген ақпараттық жұмыстар туралы мәселелер қаралып, талқыланды.

Отырыста ауданымызда жүргізіліп жатқан санитарлық тазалық жұмыстарының қорытындысы туралы хабарлама жасаған аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы А.Ахметов ауыл, кенттерде өткен спорттық шаралармен қатар, “Таза Қазақстан” экологиялық акциясы шең-

бөлімшесінде ауыл азаматының демеушілігімен Starlink байланысы, Eutelsat корпорациясының Қазақстандағы ресми дистрибьюторы Jusan Mobile ұсынған OneWeb мобилді байланыс кешені Айғыржал ауылына орнатылғанын және бұл бастама ауыл тұрғындарын жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз етуге, байланыс сапасын арттыруға, цифрлық қызметтерге қолжетімділікті кеңейтуге бағытталғандығын атап өтті. Бөлім басшысы тағы бір жағымды жаңалықпен бөлісті. Ол - Ортау ауылына әр өңірден 4 отбасының көшіп келгендігі. Бір отбасы Жаңаарқа ауданынан, бір отбасы Қостанай облысынан, бір отбасы Теміртау қаласынан, тағы бір отбасы Қарағанды қаласынан қоныс аударған. Көшіп келген жанұяларға қолдау ретінде 3 бас ірі қара малдан, 10 бас ұсақ мал және тұрмысқа қолайлы баспана беріліп, тұрақты жұмыс орындары қарастырылуда. Ауылдастардың бұл қолдауы ауылдағы халық санын арттырумен қатар, от-

басылардың жаңа ортаға тез бейімделіп, тұрмысын жақсартуға мүмкіндік беретінін атап өтті. Сонымен қатар, жуырда аудан прокурорының орынбасары Құрмет Махамбетұлы Жаңабергенов және Шет ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Асхат Жанатұлы Ахметов Төменгі Қайрақты ауылында болып, «Ішпіндіксіз ауыл» тақырыбында ауыл тұрғындарымен кездесу өткізген. Осы игі бастаманың жүзеге асуына атсалысқан Төменгі Қайрақты ауылының кәсіпкерлері мен белсенді ауыл жастарын Аудан әкімдігі мен прокуратурасының Алғыс хаттарымен марапаттады.

Бөлім басшысының хабарламасын қорытындылаған аудан әкімі жалпы биыл тазалыққа көп көңіл бөлінді, жақсы жұмыстар атқарылды. Дегенмен әлі де болса белсенділіктің төмендігін айтып, тазалық жұмыстарын үнемі назарда ұстау керектігін баса айтты.

Сенімгерлік басқаруға және жалға берілген нысандар бойынша атқарылып жатқан шараларға қатысты аудан әкімі кейбір шешімін күткен мәселелерге қатысты алдағы отырыста қайта қаралатынын айтты.

Отырыста ағымдағы мәселелер - қысқы жылу беру маусымының өту барысына қатысты көмірдің жеткілікті болуын қадағалап, жұмсалған көмірге мониторинг жүргізіп отыруды тапсырды.

Отырысты қорытындылаған аудан әкімі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағалары мен бұқаралық ақпарат құралдары және әлеуметтік желілерде жүргізілген ақпараттық жұмыстарға қатысты нақты тапсырмалар берді.

Өз тілшімізден.

Президент реформасы - өміршең өзгерістер

## КӘСІПКЕРЛІККЕ ӨРІС КЕҢ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қыркүйек айындағы Қазақстан халқына арнаған Жолдауы еліміздің жаңа даму бағытын айқындаған тарихи құжат деуге толық негіз бар. Президентіміз бұл Жолдауда экономикалық саясаттың негізгі тетіктерін жаңаша қарастырып, кәсіпкерлік саласына ерекше басымдық берді. Бүгінгі таңда бизнес - тек табыс көзі емес, елдің тұрақтылығы мен дамуының тірегі. Сондықтан мемлекет тарапынан кәсіпкерлерге бұрын-соңды болмаған кең қолдау шаралары мен нақты жеңілдіктер ұсынылып отыр.

Президентіміз өз сөзінде: Әділетті экономика әрбір азаматтың еңбегі бағаланатын және кәсіпкерге сенім артылатын қоғамның негізі болуы тиіс”, - деп атап өтті. Бүгінде мемлекет шағын және орта бизнесті дамытуға арналған субсидиялар мен жеңілдетілген несиелердің көлемін арттыруда. Мәселен, «Ауыл аманаты», «Кәсіпкер», «Еңбек» сияқты бағдарламалар арқылы ауыл кәсіпкерлеріне 2,5%-бен несиелену мүмкіндігі қарастырылған.

Бұл - ауыл шаруашылығын жандандырып, отбасылық кәсіпті дамытуға зор мүмкіндік. Сондай-ақ, өндіріс саласына арналған инвестициялық субсидиялар, жаңа техника мен құрал-жабдық сатып алуға лизингтік жеңілдіктер, экспортқа бағытталған жобаларға салықтық ынталандырулар қарастырылған.

Мемлекет кәсіпкердің ісін тек бастап беріп қана қоймай, оны ары қарай дамытуға жағдай жасап отыр. Бұл - нақты қолдау,

нақты қамқорлық.

Ауданымызда осы бағытта айтарлықтай нәтижелер бар. Мемлекеттік бағдарламалар аясында жаңа шаруашылықтар ашылып, ауыл шаруашылығы, қызмет көрсету, құрылыс және туризм салалары дамып келеді.

Көптеген ауыл тұрғындары жеке кәсіпкерлікке бет бұрып, гранттар мен субсидиялар алып, өз ісін жолға қойып отыр. Бұл - аудан экономикасының арқауы, ауылдың әлеуетін арттырудың ең тиімді жолы.

“Бірлік пен еңбек - табыстың кепілі”, Президент Жолдауында айтылғандай, бәсекеге қабілетті ел болу үшін еңбекқорлық пен іскерлік мәдениетін қалыптастыру маңызды. Кәсіпкерлік рух - елдің өркендеуінің негізі.

Біздің кәсіпкерлер, тек өз істерін дамытуға емес, жергілікті қоғамның дамуына, жастарды жұмыспен қамтуға, әлеуметтік бастамаларға атсалысуға міндетті.

Мемлекет басшысының халыққа арнаған осы Жолдауында Ғылым мен технология, жасанды интеллект эко-жүйесін қалыптастыру, IT мамандарды даярлау және мектептерде цифрлық сауаттылықты арттыру сияқты маңызды мәселелерге ерекше мән берілген.

**Б.БАДАНОВ,**  
“AMANAT” партиясы  
Шет аудандық филиалының төрағасы.

БАСПАСӨЗ БАРИШАҒА!

“ШЕТ ШҰҒЫЛАСЫ” ГАЗЕТІНЕ 2026 ЖЫЛҒА  
ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ

Shet shugylasy

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР “ШЕТ ШҰҒЫЛАСЫ” ГАЗЕТІМЕН БІРГЕ БОЛЫҢЫЗДАР!

АУДАНДЫҚ “ШЕТ ШҰҒЫЛАСЫ” ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ 1 ЖЫЛҒА 6671.52 ТЕНҒЕ 6 АЙҒА 3335.76 ТЕНҒЕ  
ИНДЕКСІ 65049

АУДАНДЫҚ АПТАЛЫҚ БАСЫЛЫМҒА “ҚАЗПОЧТА” АҚ ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕРЛЕРДЕГІ БАЙЛАНЫС  
БӨЛІМШЕЛЕРІНЕ БАРЫП ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ.

**ОРМАН - ХАЛЫҚ БАЙЛЫҒЫ**

Орман - Отанымыздың баға жетпес байлығы, халқымыздың игілігі мен ел игерер қазынасы. Жасыл желек - өлкеміздің ажары мен сәні ғана емес, аңызға айналған қорғайтын қалқан, табиғи тепе-теңдіктің тірегі. Табиғатсыз - жан тыныштығы жоқ, ал ормансыз - таза ауа мен жайлы тыныс мүмкін емес. Сондықтан да әрбір адам үшін туған жердің өзен-көлі, тау-тасы, ну тоғайы - ең қымбат қазына.

Ата-бабаларымыз ғасырлар бойы табиғат берген байлықты көздің қарашығындай сақтап, қорғап, бізге аманат етті. Енді сол аманатқа адал болып, болашақ ұрпаққа бүлінбеген күйде жеткізу - бүгінгі буынның басты міндеті. Табиғатты қорғау жайлы көп айтқанымызбен, іске келгенде салғырттық танытатынымыз да жасырын емес. Бұл - бүгінгі күннің ащы шындығы.

Орманды қорғаудағы шаралар. Орманшылар жыл бойы орман алқаптарында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, алдын алу бағытында жүйелі жұмыстар атқаруда. Өрт қауіп жоғары маусымда, яғни, жауын-шашын түскенге немесе қар жауғанға дейін Орман кодексіне сәйкес бірқатар шектеулер енгізіледі:

- орман ішінде мал жаюға;
- орман маңына қоқыс төгуге;
- заңсыз ағаш кесуге;
- рұқсатсыз табиғи өсімдіктерді жинауға қатаң тыйым салынады.

Бұл талаптарды бұзу - өкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке әкелетін заңмен белгіленген. Өкінішке орай, кейбір жеке тұлғалар мен шаруа қожалықтары заңды білмегендіктен, 49 жылға рәсімделген жерлерін өз меншігіндей көріп, ағаштарды кесіп, бұтаптастауда. Мұндай заң бұзушылықтар анықталған жағдайда, тиісті органдарға хабарланып, шаралар қабылданады.

Дей тұрғанмен жақында заңсыз ағаш кесу фактілері анықталып отыр. Орман қорын қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мақсатында жүргізілген бақылау іс-шаралары барысында Талды және Үңірек ауылдық округтерінің аумақтарында заңсыз ағаш кесу деректері тіркелді.



Тексеру нәтижесінде бірқатар азаматтар қора шатырын жабу үшін рұқсатсыз ағаш кескені анықталып, оларға қатысты материалдар жинақталып, Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 381-1-бабының 2-бөлігі бойынша қозғалған өкімшілік істер соттың қарауына жолданды.

Заңсыз ағаш кесу - орман қорының бүтіндігіне нұқсан келтіріп қана қоймай, экологиялық тепе-теңдікті бұзатын, қоршаған ортаға айтарлықтай зиян тигізетін құқық бұзушылық. Осыған байланысты орман алқаптарын қорғау шаралары күшейтіліп, рейдтік тексерістер тұрақты түрде жүргізілуде. Жаңа жыл мерекесіне орай күшейтілген бақылау жүргізіледі. Әсіресе, Жаңа жыл мерекесі қарсаңында қылқан жапырақты ағаштарды заңсыз кесу әрекеттері жиілейтініне байланысты, орман шаруашылығы мекемелері тарапынан профилактикалық жұмыстар мен күзету шаралары күшейтілуде.

Заңға сәйкес, қылқан жапырақты ағаштарды рұқсатсыз кескен тұлғаларға ҚР ӘҚБтК-нің 381/1-бабы бойынша өкімшілік хаттама толтырылып, мемлекетке келтірілген зиян көлемі есептеледі. Нәтижесінде айыппұл салынады немесе іс сотқа жолданады.

Орман қоры - мемлекет меншігі және халықтың ортақ байлығы. Орманды қорғау мен сақтау - барша азаматтың заң алдындағы және табиғат алдындағы жауапкершілігі. Осы орайда тұрғындардан орманды қорғау талаптарын қатаң сақтауды, кез келген құқық бұзушылық

фактісі бойынша тиісті органдарға хабарлауды сұраймыз.

Айрықша қорғалатын аймақтар - табиғаттың киелі бесігі. Қорықтар мен ерекше қорғалатын табиғи аймақтарда:

- аң-құс аулауға;
- орманға зиян келтіруге;
- өсімдіктерді жұлуды;
- топырақты қопаруға;
- қоқыс қалдыруға мүлдем болмайды. Алайда табиғатты сақтау мәдениеті әлі де төмен. Көптеген адамдар демалғаннан кейін қоқысты жинамай, отты өшірмей кетеді. Бұл - орман өртінің, экологиялық апаттардың басты себебі. Сондықтан тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстары белсенді жүргізілуде.

Табиғатты қорғау - ұрпақ алдындағы борыш. Біздің міндет - табиғат аманатын сақтау, жасыл желектің молаюына үлес қосу. Әр адам өз елінің орман-тоғайын қорғауға атсалысса, тал-терек көбейсе, аң-құс өсіп-өнсе - бұл болашаққа жасалған ең үлкен жақсылық болар еді.

Бабаларымыз қалдырған ұланғайыр даланың әр тал, әр тасы, бауырындағы аң-құсы - болашақ ұрпақтың иелігі, ел аманаты. Сұлу табиғаттың адамзатқа берері әлі де мол. Ендеше, оны көздің қарашығындай сақтау - баршамыздың қастерлі борышымыз.

**С.ҚҰТЖАНОВ,**  
«Орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі Қарағанды шаруашылығы» КММ Шет орманшылығының орманшысы.

**ХАБАРЛАНДЫРУ**

«Караоба-2005» ЖШС «Қарағанды облысындағы Қараоба кен орнының» техногендік минералдық түзілімдерінен пайдалы қазбаларды өндіру салдарын жою жоспары» бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Жоба бойынша құжаттама ҚР Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі порталында жарияланған <https://hearings.ndbecology.gov.kz>. Жария талқылау тыңдаулар 01.12.2025 ж. бастап 10 жұмыс күні ішінде Бірыңғай экологиялық портал сайтында өтеді.

**Бастамашы:** «Караоба-2005» ЖШС, ЖСН 040940001710, Заңы мекен-жайы М06Е9К3, ҚР, Қарағанды облысы, Қарағанды қ.,

Қазыбек Би ауданы, Степной-2 ш.а., 6/1 ғим., 207 кеңсе.

**Жобалаушы:** «Два Кей» ЖШС, БСН 031240001366. 050060, Алматы қаласы, Жароков көшесі, 314 «А» үй, Тел: 8 (727) 339-36-01.

Жоспар бойынша ақпарат алуға болатын және құжаттардың көшірмесімен танысуға болатын байланыстар: 8(727) 339-36-01, [info@2k.kz](mailto:info@2k.kz).

**Қоғам өкілдері** жоба материалдарымен танысып, өз ескертулері мен ұсыныстарын келесі мекен-жайы бойынша бере алады: Қарағанды облысы, Қарағанды қ., Лобода көш., 20 үй, «Қарағанды облысы өкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел. 8-7212-56-41-27, E-mail: [expertiza.upr\\_krg@mail.ru](mailto:expertiza.upr_krg@mail.ru).

**ОБЪЯВЛЕНИЕ**

ТОО «Караоба-2005» проводит общественные слушания в форме публичных обсуждений по «Плану ликвидации последствий добычи полезных ископаемых из техногенных минеральных образований месторождения Караоба в Карагандинской области». Документация по проекту размещена на портале Национальный банк данных о состоянии ОС и ПР РК: <https://hearings.ndbecology.gov.kz>.

Публичные обсуждения состоятся с 01.12.2025 г. и в течение 10 рабочих дней на сайте Единый экологический портал.

Инициатор - ТОО «Караоба-2005», БИН 040940001710, Юр.адрес: М06Е9К3, РК, Карагандинская область, г.Караганда, р-н им.-

Казыбек Би, Мкр. Степной-2, строение 6/1, оф.207.

**Проектировщик:** ТОО «Два Кей», БИН 031240001366. 050060, г.Алматы, ул.Жарокова д.314 «А» Тел: 8 (727) 339-36-01.

Контакты по которым можно получить информацию по плану и ознокомится с копией документов: 8(727) 339-36-01, [info@2k.kz](mailto:info@2k.kz).

**Замечания и/или предложения** заинтересованной общественности принимаются по адресу: Карагандинская область, г.Караганда, ул.Лободы, 20. ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области».

Тел. 8-7212-56-41-27, E-mail: [expertiza.upr\\_krg@mail.ru](mailto:expertiza.upr_krg@mail.ru).

**К СВЕДЕНИЮ ПОТРЕБИТЕЛЕЙ!**

ТОО «Электртасымалдау-АА» уведомляет Вас о том, что 22 декабря 2025 года в 11.00 часов по адресу п.Акадыр, ул.Мухамеджанова д.4, состоится публичное слушание по изменению тарифа на услуги передачи электрической энергии с применением метода индексации в соответствии с главой 14 Правил формирования тарифов №90 от 19.11.2019 года.

**ОБЪЯВЛЕНИЕ**

СПК «Красная поляна», сообщает потребителям и иным заинтересованным лицам о проведении публичных слушаний об изменении тарифы и тарифная смета на услуги подачи воды по специальным сетям, на уровне индексации. Публичные слушания будут проводить 19 декабря 2025 года, в 10.00 часов по адресу: г.Караганда, учебный квартал 168, строение 1.

**Председатель**  
**ЧЕРНОМАЗОВА М.В.**

**ХАБАРЛАНДЫРУ**

Открыто наследственное дело после смерти Явкина Виктора Николаевича, умершей 26 июня 2025 года. Заинтересованные лица могут обратиться к нотариусу Султановой К.Т., по адресу Карагандинская область, Шетский район, п.Агадыр, пр.Абай дом 31, телефон 8 710 33 62 426, 8 705 759 29 75.

Открыто наследственное дело после смерти Мухаметдинова Тахира Халафутдиновича, умершей 28 октября 2025 года. Заинтересованные лица могут обратиться к нотариусу Султановой К.Т., по адресу Карагандинская область, Шетский район, п.Агадыр, пр.Абай дом 31, телефон 8 710 33 62 426, 8 705 759 29 75.

Открыто наследственное дело после смерти Омаровой Бокитай, умершей 09 ноября 2025 года. Заинтересованные лица могут обратиться к нотариусу Султановой К.Т., по адресу Карагандинская область, Шетский район, п.Агадыр, пр.Абай дом 31, телефон 8 710 33 62 426, 8 705 759 29 75.

Открыто наследственное дело после смерти Гаузер Татьяны Николаевны, умершей 28 мая 2025 года. Заинтересованные лица могут обратиться к нотариусу Султановой К.Т., по адресу Карагандинская область, Шетский район, п.Агадыр, пр.Абай дом 31, телефон 8 710 33 62 426, 8 705 759 29 75.